



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№54 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

**Халықаралық валюта қоры мен Қазақстан Ұлттық Банкі ХВҚ-ның Алматы қаласындағы
Аймақтық орталығы бойынша Келісім-хатқа қол қойды**

Нұр-Сұлтан қ.

15 желтоқсан, 2020 жыл

Халықаралық валюта қорының Басқарушы директоры Кристалина Георгиева мен Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Ерболат Досаев онлайн-рәсім барысында Алматы қаласында ашу жоспарланып отырған Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия әлеуетті дамытудың аймақтық орталығын (бұдан әрі – Аймақтық орталық) қолдау бойынша Келісім-хатқа қол қойды.

Қазір әлемде осындай 16 орталық жұмыс істейді, соңғысы Қытайда 2018 жылы ашылған. Қазақстандағы Аймақтық орталық өңірде бірінші және Халықаралық валюта қорының адам әлеуетін дамыту бойынша 17-орталығы болады.

Орталықты құрудағы мақсат – аймақта әлеуетті дамыту жөніндегі қызметті үйлестіру және іске асыру. Сондай-ақ 9 елмен (Қазақстан, Армения, Әзірбайжан, Грузия, Қырғыз Республикасы, Моңғолия, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан) және түрлі қаржы институттарымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

Аймақтық орталық техникалық көмек көрсету және воркшоптар мен семинарлар өткізу жолымен макроэкономикалық және қаржылық, ақша-кредит саясаты, қаржы секторындағы реттеу мен қадағалау, статистика, құрылымдық реформаларды әзірлеу мәселелерінде өңірдің әлеуетін дамытуға шоғырланады.

Аталған орталықты құру – аймақтың кәсіби дамуы мен жалпы ынтымақтастыққа негіз болатын сапалы адам капиталына салынған инвестиция. Орталықтың жұмысы кәсіби тәжірибе алмасуды тереңдетуге және өңірлік ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететін болады.

ХВҚ Қазақстанда Аймақтық орталықты орналастыру туралы шешім Қазақстан, Өзбекстан мен Грузияның өтінімдерін қарастырғаннан кейін 2019 жылы қазан айында қабылдағанын еске саламыз.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (717) 2 775 205

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz